

3 сынып Қазақ тілі ІІ тоқсан «Уақыт» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау БЖБ №1

Күні _____ Білім алушы:.....

Оқу мақсаты: 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру

3.2.6.1 Мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін, жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу

Бағалау критерийі Білім алушы

Мәтіннің мазмұны бойынша пікір білдіреді, сұрақтарға жауап береді

Ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін,мәтін, жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табады

Түбірсөздерге жұрнақ жалғау арқылы туынды сөз жасайды

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану. Білу және түсіну

Орындау уақыты: 20 минут ІІ нұсқа

Балл саны: 9

1 – тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда. Сұрақтарға жауап бер. (3)

Бірде белгілі ғұлама Альберт Эйнштейн «Қолыңызды бір минут ыстық оттың үстінде ұстап тұрсаңыз, бұл минут сізге бір сағаттай болып көрінеді, ал сүйікті ісіңізбен айналысуға өткізген бір сағатыңыз бір минуттай болып өте шығады» деген екен.

Біздің өміріміздегі ең қымбат нәрсе – ол алтын уақытымыз. Ол ешқашан қайта айналып келмейді. Сондықтан да адамдар өз уақытын үнемдей білуі керек. Өзгелердің де уақытын бағалауы қажет. Уақытты босқа өткізбеу үшін күн тәртібін жоспарлап үйрену қажет. Осы қасиетті бойыңа жас кезіңнен қалыптастыру керек. Әрбір минутыңды үнемдеп, пайдалы жұмсауға дағдылан. Сонда ғана табысқа қол жеткізіп, өз қабілетіңді, күшіңді толық жұмсай аласың.

A) уақыттың құны туралы

B) уақыттың қадірі туралы

C) уақыттың бөлігі туралы

D) уақыттың пайдасы туралы

• «Алтын уақыт» деп неліктен айтады?

• Мәтіндегі уақытқа қатысты айтылған пікірлердің қайсысымен келісесің?
Неліктен?

2 - тапсырма Мәтіндерді оқы. Мәтіндер қай стильде жазылған? Сәйкестендір. (3)

1-мәтін

«Хан Шатыр» - Астанадағы сауда, ойын-сауық орталықтарының бірі. Ол 2010 жылы ашылды. Бұл әлемдегі киіз үй пішіндес ең үлкен ғимарат болып саналады. Оның ішінде сауда орындары мен ойын - сауық кешендері, мейрамханалар бар.

2-мәтін

Жазда біз Астанаға саяхатқа бардық. Қалада әдемі ғимараттар көп екен. Маған «Хан Шатыр» орталығы ұнады. Ол үлкен киіз үйге ұқсайды. Ішінде көптеген ойын алаңдары, кинотеатрлар бар. Біз жасанды жағажайда демалдық. Кино көрдік. Саяхат көңілді болды.

көркем мәтін

ғылыми - танымдық мәтін

3-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген «Ойын, сауда саяхат» сөздерге жұрнақ жалғау арқылы туынды сөз жаса. (3)

1.

2.

3.

Бағалау критеріі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтіннің мазмұны бойынша пікір білдіреді, сұрақтарға жауап береді	1	<i>Уақыттың қадірі туралы</i>	1
		Сұраққа жауап жазады	1
		Өзінің пікірін жазады	1
Ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін,мәтін, жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылық тарын табады	2	Мәтін қай стильде жазылғанын анықтайды	1
		1 мәтінді дұрыс сәйкестендірсе	1
		2 мәтінді дұрыс сәйкестендірсе	1
Түбірсөзге жұрнақ жалғау арқылы туынды сөз жасайды	3	«Ойын» сөзіне жұрнақ жалғап жазады	1
		«Сауда» сөзіне жұрнақ жалғап жазады	1
		«Саяхат» сөзіне жұрнақ жалғап жазады	1
Барлығы			9

«Уақыт» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Өзгенің пікіріне қатысты көзқарасын білдіреді	1	Мәтінде айтылған пікірге қатысты ойын айтуда және негіздеуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтінде айтылған пікірге қатысты ойын айтуда/ өз көзқарасын негіздеуде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтінде айтылған пікірге қатысты ойын айтады және негіздейді. <input type="checkbox"/>
Сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды Қаратпа, қыстырма сөздерді орынды қолданады	2	Тақырыпқа сәйкес мәтін құрастыруда, сөйлеу барысында қаратпа сөздерді қолдануда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тақырыпқа сәйкес мәтін құрастыруда/ қаратпа сөздерді қолдануда/сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тақырыпқа сәйкес мәтін құрастырады және сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды. <input type="checkbox"/>